

ӘОЖ 37.01

ҒТАМР 14.07.01

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.81.2.013>

## АЛЬФА ҰРПАҒЫНА АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: ЖҮЙЕЛІ ШОЛУ

\*Мухаметжанова Ж.О.<sup>1</sup>, Абильдина С.К.<sup>2</sup>,  
Мухаметжанова А.О.<sup>3</sup>, Сарқанбаева Г.Қ.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу  
университеті. Қарағанды, Қазақстан

<sup>4</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және  
әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

**Андатпа.** Жалпы цифрландыру жағдайында өскен Альфа ұрпағы осы ұрпақтың жаңа когнитивті, әлеуметтік және мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді айқындауға ұмтылатын зерттеушілердің ерекше назарын аударады. Мақала Альфа ұрпағына бағытталған оқыту мен кәсіби даярлыққа қатысты ғылыми зерттеулерді анықтауға арналған жүйелі әдеби шолуды ұсынады. Мақаланың зерттеу мақсаты мектеп және жоғары білім беру жүйесінде Альфа ұрпағын оқытуға және дайындауға арналған педагогикалық зерттеулердің жағдайы мен бағыттары туралы жүйелі түсінік беру болып табылады. Зерттеу PRISMA әдіснамасына сәйкес жүргізіліп, талдаудың жүйелілігі мен айқындығын қамтамасыз етті. Іздеу нәтижесінде 2018-2025 жылдар аралығында Scopus және Web of Science ғылыми-метрикалық базаларында жарияланған 591 ғылыми зерттеу жұмыстары анықталды. Іріктеу, шығару және сапаны бағалау критерийлерін қолданғаннан кейін мазмұндық талдауға, соңғы іріктелген 28 жарияланым таңдап алынды. Жүйелі шолу нәтижесінде Альфа ұрпағын оқытуға қатысты зерттеулердің басым мазмұндық бағыттары сараланды. Алынған нәтижелер тақырыптың эмпирикалық тұрғыдан жеткілікті зерттелмегенін көрсетіп, осы салада пәнаралық бағыттағы әрі қарайғы зерттеулер жүргізудің қажеттілігін растайды.

Нәтижелер Альфа ұрпағын оқытуға арналған педагогикалық зерттеулердің белсенді қалыптасу кезеңінде екенін көрсетеді. Таңдалған жұмыстарда ұсынылған білім беру стратегияларының әртүрлілігіне қарамастан, эмпирикалық мәліметтердің шектеулілігі байқалады. Альфа ұрпағының білім беру қажеттіліктерін тереңірек түсіну үшін теориялық тәсілдерді әрі қарай нақтылау және пәнаралық талдауды кеңейту қажеттілігі көрсетіледі. Жүргізілген шолу педагогикалық ғылымның даму үрдістерін түсінуге және болашақ зерттеулердің перспективалық бағыттарын айқындауға ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** Альфа ұрпағы, мектептік білім беру, педагогикалық білім беру, жүйелі шолу, PRISMA, білім беру стратегиялары, когнитивтік ерекшеліктер, цифрлық әлеуметтену, инновациялық педагогикалық тәсілдер

## **Кіріспе**

Қазіргі білім беру кеңістігі оқушылардың бірегей буыны — Альфа ұрпағын қалыптастыруға байланысты жаңа сын-қатерлерге тап болып отыр. Бұл жан-жақты цифрландыру мен үздіксіз технологиялық прогресс жағдайында өскен алғашқы ұрпақ. Альфа ұрпағының өкілдері ерте жастан бастап интеллектуалды құрылғылармен, цифрлық медиа құралдарымен және виртуалды ортада өзара әрекеттеседі, бұл олардың алдыңғы ұрпақтармен салыстырғанда әртүрлі когнитивтік стильдерін, мінез-құлық ерекшеліктерін және білім алу қажеттіліктерін қалыптастырады. «Альфа ұрпағы» терминін австралиялық демограф Mark McCrindle 2005 жылы Z ұрпағынан кейін дүниеге келген, 2010 жылдан кейін туған балаларды белгілеу үшін енгізген. Зерттеу әдебиеттерінде Альфа ұрпағының өзінен бұрынғы буындардан тек жоғары деңгейдегі цифрлық сауаттылығымен ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-эмоциялық даму саласындағы белгілі бір қиындықтарымен де ерекшеленетіні жиі атап өтіледі. Терминнің кең таралуына қарамастан, осы ұрпақтың нақты сипаттарын ашып көрсететін эмпирикалық деректердің тапшылығы байқалады. Ғылыми пікірталастар әлі күнге дейін мына сауалға бағыттталып отыр: Альфа ұрпақ балаларының оқыту мен тәрбиелеудегі нақты ерекшеліктері қандай және білім беру жүйесі олардың қажеттіліктеріне қалай бейімделуі тиіс? Қолданыстағы зерттеулерді талдау ғылыми ізденіс жүргізілетін төрт негізгі бағытты анықтауға мүмкіндік береді: мұғалімнің рөлін өзгерту, оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу, цифрлық құралдарды пайдалану, аралас және онлайн білім беру модельдерін дамыту. Алайда ұсынылған стратегиялардың ешқайсысы қазірге әмбебап шешім мәртебесіне ие болған жоқ. Бұл Альфа ұрпағына бағытталған педагогикалық стратегияларды тереңірек әрі жүйелі түрде әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Жоғарыда аталған үрдістер мен ғылыми әдебиеттерде анықталған олқылықтарды ескере отырып, мектеп және жоғары оқу орнының білім беру ортасында Альфа ұрпақ балаларын оқыту мен тәрбиелеуге арналған зерттеулерді жан-жақты талдауға бағытталған жүйелі шолу жүргізу өзекті болып табылады. Дереккөздерді іріктеудің ғылыми дәлдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында осы зерттеуде релевантты эмпирикалық және теориялық жарияланымдарды құрылымдық түрде анықтауға, бағалауға және жинақтауға мүмкіндік беретін PRISMA әдіснамасы қолданылды. Қолданыстағы теориялық шолулардан айырмашылығы, бұл жұмыста Альфа ұрпағының цифрлық әлеуметтенуі контекстіндегі педагогикалық стратегиялардың нақты бағыттары, кемшіліктері мен болашағы көрсетілген.

## **Материалдар мен әдістер**

1. Зерттеу PRISMA (preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) әдіснамасына негізделген жүйелі әдеби шолу форматында орындалды. Бұл тәсіл Альфа ұрпақ балаларын оқытуға болашақ педагогтарды даярлауға бағытталған қазіргі ғылыми зерттеулерді кешенді талдау үшін ең өзекті әдіс ретінде таңдап алынды [Альфа ұрпақ балаларын

оқытуға арналған жарияланымдардағы мазмұндық басымдықтарды айқындау.

2. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайларды анықтау.

3. Альфа ұрпағының цифрлық әлеуметтенуіне бағытталған инновациялық білім беру стратегияларын белгілеу.

4. Осы саладағы әрі қарайғы зерттеулердің олқылықтары мен даму перспективаларын айқындау.

Дереккөздерді іріктеу рәсімі келесі кезеңдерді қамтыды: жарияланымдарды қосу және алып тастау критерийлерін айқындау (уақыттық шектеулер, тілдік шектеулер, пәндік бағыты); халықаралық ғылыми деректер базаларында (Scopus, Web of Science) әдебиеттерді жүйелі іздеу; релевантты дереккөздерді іріктеу және кодтау; алынған деректерді синтездеу және тақырыптық жіктеу [2].

Талдау үшін 2018 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықта жарияланған, болашақ мұғалімдерді даярлау контексіндегі мектеп және жоғары білім беруге арналған педагогикалық зерттеулерге бағытталған мақалалар таңдап алынды. Басымдық эмпирикалық зерттеулер мен шолуларға берілді, онда Альфа ұрпағындағы балалармен өзара әрекеттесу ерекшеліктері, оқытудың цифрлық тәжірибелері, фасилитациялық технологиялар және педагогтардың кәсіби даярлығындағы құзыреттілікке негізделген тәсіл қарастырылды.

Кілт сөз ретінде «Generation Alpha», «education», «digital competencies», «digital skills» терминдері пайдаланылды. Іздеудің дәлдігін арттыру үшін кілт сөздер әртүрлі комбинациялар мен логикалық байланыстарда (AND/OR) енгізіліп, ізделіп отырған ұғымдар атауында, аңдатпасында және кілт сөздерде қажетті ұғымдарды қамтитын релевантты жарияланымдарды анықтауға мүмкіндік берді. PRISMA әдіснамасы алынған нәтижелердің ашықтығын, жаңғыртылуын және дұрыстығын қамтамасыз етіп, сонымен қатар қарастырылып отырған мәселе бойынша қолда бар ғылыми дискурсты жүйелеуге және сыни бағалауға мүмкіндік берді.


Ұсынылған зерттеу сұрақтарына жауап алуға қатысты зерттеулерді таңдау үшін қосу және алып тастау критерийлері белгіленді (1-кесте).

Кесте 1. Қосу және алып тастау критерийлері

<i>Қосу критерийлері</i>	<i>Алып тастау критерийлері</i>
2018-2025 жылдар аралығында жарияланған мақалалар	2018 жылға дейін жарияланған мақалалар
Рецензияланған ғылыми мақалалар мен шолу жарияланымдары	Рецензияланбаған дереккөздер (жаңалықтар мақалалары, блогтар, сараптамалық жазбалар және т. б.)

«Альфа ұрпағы» тікелей аталған немесе 2010 жылдан кейін туылған демографиялық топ сипатталған жарияланымдар	Альфа ұрпағы тікелей аталмаған немесе термин анық емес түрде қолданылған жарияланымдар
Орыс немесе ағылшын тілдерінде жазылған мақалалар	Қол жетімді аудармасыз басқа тілдердегі мақалалар
Альфа ұрпағының білім беру, психологиялық, мінез-құлық, технологиялық немесе әлеуметтік аспектілеріне бағытталған зерттеулер	Альфа ұрпағын қатыстырмай, балаларды жалпы түрде қарастыратын жарияланымдар.
Эмпирикалық деректерді, теориялық модельдерді қамтитын немесе әдеби шолу форматында орындалған жұмыстар	Ғылыми айқындығы жоқ немесе субъективті бақылауларға негізделген басылымдар
Мәтіні толық қолжетімді мақалалар	Аңдатпасы ғана қолжетімді мақалалар
2010 жылдан бастап және кейін туылған балаларға бағытталып оқытуы, дамуы, технологиялармен өзара әрекеті немесе ұрпақтық ерекшеліктері контекстіндегі зерттеулер	Ересектерге, басқа ұрпақтарға (Z, Y және т.б.) арналған немесе ұрпақтық ерекшелікпен байланысты емес медициналық аспектілерді қарастыратын жұмыстар.

Зерттеулерді іріктеу үдерісі итеративті және кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын процесс болып, онда әртүрлі әрекеттер орындалатын бірнеше кезеңге бөлінді. Бастапқы іздеу кезеңі Scopus және Web of Science дерекқорларын қамтыды, онда тиісті кілт сөздерді қолдана отырып, 3000-нан астам жарияланымдар анықталды. Көшірме мен айқын сәйкес келмейтін жұмыстар алынып тасталғаннан кейін, атаулары мен аңдатпалары бойынша іріктелген 80 мақала автоматты тандау үлгісіне енгізілді. Келесі кезеңде қолмен сүзгіден өткізу жүзеге асырылып, бұл кезеңде білім беруге қатысы жоқ медициналық, инженерлік, маркетингтік және технологиялық тақырыптарға арналған мақалалар алынып тасталды. Сондай-ақ, Альфа ұрпағы педагогикалық контексте қарастырылмаған жұмыстар да іріктеуден алынып тасталды. Осы кезеңде сондай-ақ білім беру тақырыбы қарастырылғанымен, педагогтарды даярлау немесе мектеп ортасына баса назар аударылмаған мақалалар да іріктеуден шығарылды. Іріктеудің барлық кезеңдерін аяқтағаннан кейін қорытынды іріктеу педагогикалық бағыттылықтың болуы, Альфа ұрпағымен байланысы, мектеп немесе жоғары оқу орындарының білім беруін талдау, педагогтарды даярлау критерийлеріне басымдық беретін 28 ғылыми мақаланы құрады. Аталған жарияланымдар осы саладағы бар тәсілдерді, әдіснамалық бағдарларды және болашақ зерттеулердің перспективаларын анықтауға бағытталған мазмұндық талдаудың негізін қалады. Мақалаларды талдаудың, іріктеудің және алып тастаудың толық процесін 1 – суреттен көруге болады.



Сурет 1 - PRISMA талаптарына сәйкес зерттеулерді іріктеу рәсімінің блок-схемасы

Бұл зерттеу теорияны құру және зерделеу үшін сапалық ақпаратты пайдаланатын қалыптастырушы сипаттағы жүйелі шолу болып табылады.

### Нәтижелер және талқылау

Таңдалған 28 мақаланы талдау негізінде жарияланымдардың географиялық таралуын көрсететін карта жасалды (2 суретті қараңыз). Ең көп мақала Қытайда тіркелді — барлығы 4 жарияланым. Индонезия мен Чехияда 3 мақаладан жарияланған. Бразилия, Таиланд, Швеция және Румыния авторлары 2 жарияланымнан дайындаған. Ал Оңтүстік Корея, Аустралия, Украина, АҚШ, Испания, Германия, Үндістан, Канада және Түркия зерттеушілерінен 1 мақаладан ұсынылған.



Сурет 2 - Зерттеулер жүргізілген географиясы

Жылдар бойынша жариялау белсенділігінің динамикасы 2020 жылдан бастап тақырыпқа деген қызығушылықтың тұрақты өсуін көрсетеді. 2020 жылы 6 мақала, 2021 жылы – 3, 2022 жылы – 2, 2023 жылы – 7, 2024 жылы – 6 жарияланды. 2025 жылы (талдау кезіндегі жағдай бойынша) 4 басылым ұсынылды, бұл тақырыптың ғылыми ортадағы өзектілігін растайды. Айта кету керек, бастапқы деректер жиынына 2018 және 2019 жылдардағы жарияланымдар енгізілген болатын, алайда қолмен тексеру кезеңінде олар іріктеу критерийлеріне сәйкес келмегендіктен алып тасталды. Алғашқы іріктемеге Қазақстандық авторлардың 8 мақаласы енген еді, алайда алып тастау критерийлері қолданылғаннан кейін олар шолуға енгізілмеді. Бұл дерек қазақстандық университеттік қауымдастықтың цифрлық құзыреттерге, цифрлық технологияларға және жалпы білім беруді цифрландыру мәселелеріне қатысты зерттеулерге қызығушылығын растайды (Кесте 2).

Алынған деректер зерттеліп отырған тақырыпқа халықаралық деңгейде кеңінен ынталануды және оның әртүрлі елдер мен өңірлердегі өзектілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Кесте 2. Жыл сайынғы мақалалар саны

Жыл	Мақалалар саны
2018	0
2019	0
2020	6
2021	3
2022	2
2023	7
2024	6
2025	4

Ескерту: авторлар құрастырған

Зерттеу сұрақтарына жауап беру үшін мақалалардың әртүрлі қырлары мен авторлардың түрлі көзқарастары талданып, олардың синтезі төменде ұсынылды.

*1. Альфа ұрпақ балаларының білім алуына арналған жарияланымдардағы мазмұндық басымдықтарды анықтау.*

Тақырыптық тәсілдердің әртүрлілігін көрсету үшін 3–кестеде Альфа ұрпағына қатысты заманауи ғылыми дискурстың мазмұндық басымдықтарын бейнелейтін бірқатар негізгі жарияланымдардың қысқаша аңдатпалары келтірілген.

Кесте 3. Білім беру саласындағы Альфа ұрпағына арналған зерттеулердің тақырыптық шолуы

Авторлар, жыл	Зерттеу мақсаты	Журнал
Pattrawiwat et al., 2024 [	Тай контексінде Альфа ұрпақ балалары бар отбасыларға қолдануға болатын отбасылық ресурстарды бағалау моделін бейімдеу және растау.	Behavioral Sciences
Carvalho R. N., 2022 [	Альфа ұрпағының ерекшеліктеріне байланысты Бразилиядағы жоғары педагогикалық білімнің алдында тұрған қиындықтарды талдау.	Research in Education and Learning Innovation Archives
Kaplia O., 2024 [	Соғыс жағдайында білім берудің цифрлық трансформациясының ықпалын қарастыру және білім беру жүйелерін жаңа жағдайларға бейімдеудің ықтимал жолдарын анықтау.	Multidisciplinary Science Journal
Li M., et al., 2023 [	Қолда бар эмпирикалық деректерге мета талдау жүргізу арқылы геймификацияны білім беру ұйымдарында оқыту мен үйренудің құралы ретінде пайдаланудың тиімділігін бағалау.	Frontiers in Psychology
Kjellsdotter, A. et al., 2024 [	Швецияның ауылдық қауымдастығында өмір сүретін Альфа ұрпағының балаларының күнделікті тәжірибесін олардың жергілікті және жаһандық кеңістіктермен өзара әрекеттесуі тұрғысынан зерттеу.	Education Inquiry
Šramová B. 2023 [	Covid-19 пандемиясы кезінде мұғалімдердің Альфа ұрпағы балаларының медиа-тұтынуын қабылдауы мен бағалауын зерттеу.	Media and Communication
Budau C. 2024 [	Румыниядағы Альфа ұрпағының интернетті пайдалану ерекшеліктерін, өзін-өзі таныту тәсілдерін және онлайн тұлғалық болмысын қалыптастыру үдерісін талдауға бағытталған шолу ұсыну.	International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development

Кестеде келтірілген деректер зерттеушілердің Альфа ұрпағына деген қызығушылығы цифрлық әлеуметтену, технологиялардың оқытуға әсері, эмоциялық даму және білім беру ортасының трансформациясы сияқты кең тақырыптық ауқымды қамтитынын көрсетеді. Жарияланым авторлары Альфа ұрпағын жаңа педагогикалық тәсілдерді және дәстүрлі білім беру модельдерін қайта қарауды қажет ететін бірегей оқушылар тобы ретінде қарастырады.

Marius Drugaş Альфа ұрпағы ұғымын сыни тұрғыдан талдай отырып, оның маркетингтік сипатқа ие екенін және ғылыми тұрғыдан расталмағанын

атап көрсетеді. Автор балалардың цифрлық әлеуметтенуін қарастыра отырып, технологияға тәуелділік, ақпаратты үстірт қабылдау және эмоциялық тұрақсыздық сияқты үрдістерді қарастырады. «Screamagers» термині цифрлық ортаның жағымсыз көріністерін сипаттау үшін пайдаланылады. Z буынымен салыстырмалы талдау жүргізілді, нәтижесінде альфа буыны тұжырымдамасының жеткіліксіз эмпирикалық негізділігі және одан әрі зерттеу қажеттілігі туралы қорытынды жасалды [10].

Ziatdinov R., Cilliers J. еңбектерінде Альфа буынының болашақ студенттер ретіндегі ерекшеліктері талданады, цифрлық ортаның олардың білім беру үміттері мен мінез-құлқына әсерін баса көрсетеді. Авторлар интерактивті және тәжірибеге бағытталған оқытуға көшу қажеттілігін атап өтіп, халықаралық зерттеулердің деректерін жинақтайды. Біз Альфа буынының сипаттамалары дәстүрлі педагогикалық тәсілдерді қайта қарауды қажет ететіндігімен келісеміз, дегенмен жұмыс теориялық талдаумен шектеледі және оның өзіндік эмпирикалық деректері жоқ [11].

Pattrawiwat K. және т.б. пәнаралық тәсіл негізінде Альфа буынының технологияны қабылдауын талдайды. Авторлар цифрлық тәуелділік және гаджеттермен белсенді әрекеттесетін балалардың зейінінің төмендеуі сияқты алаңдатарлық аспектілерге назар аударады. Зерттеу әдіснамасы дәлелді уәждемемен негізделген және өзекті эмпирикалық деректерді қолдана отырып, теориялық шолу ретінде құрылған [3]. Айта кету керек, авторлар мәселені тек атап көрсетумен шектелмей, педагогикалық тұрғыдан ықпал етудің бағыттарын да ұсынады. Біз балаларды цифрлық ортаға тым ерте және шамадан тыс жүктеуге байланысты Альфа буынына қатысты білім беру стратегияларын қайта қарауды қажет ететінімен келісеміз. Осылайша, талданған жарияланымдардың тақырыптық өзегі цифрлық әлеуметтену мәселелері, медиа мен технологиялардың білім беру үдерісіне әсері, сондай-ақ Альфа буынына тән жаңа мінез-құлық және коммуникативтік үлгілерді ескере отырып, педагогикалық стратегияларды түрлендіру қажеттігі төңірегінде қалыптасады. Зерттеушілер қазіргі мектеп оқушыларының қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес келетін интерактивті, көрнекі элементтерге бай әрі эмоциялық қолдау көрсететін оқыту формаларын әзірлеудің маңыздылығын атап көрсетеді.

*2. Болашақ мұғалімдердің тиімді кәсіби дайындығына ықпал ететін педагогикалық жағдайларды анықтау.*

Жарияланымдарды талдау көрсеткендей, Альфа буыны балаларын оқытуға мұғалімдерді сәтті даярлау үшін кәсіби білім берудің дәстүрлі жағдайларын қайта қарауды талап етеді. Carvalho және Ziatdinov & Cilliers еңбектерінде болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттерін, ойлау икемділігін, сондай-ақ жедел өзгеріп отыратын ақпараттық ортаға бейімделе білу қабілетін қалыптастыру қажеттілігі атап көрсетіледі. Budaу

С. және Patrawiwat K. және т.б. зерттеулерінде эмпатияның мағынасына, тұлғааралық өзара әрекеттесу дағдыларының және оқушылардың цифрлық сәйкестігін түсінуге баса назар аударады.

Педагогтарды даярлау контекстінде фасилитациялық әдістердің, тәлімгерліктің, жобалық және жағдаяттық оқытудың, сондай-ақ тәжірибеге бағытталған өзара әрекет түрлерінің маңыздылығы атап өтіледі. Сонымен бірге, жарияланымдардың басым бөлігі теориялық-шолулық сипатқа ие болып, расталған педагогикалық модельдерді ұсынбайды, бұл Альфа ұрпағының ерекшеліктеріне бейімделген әдістемелік шешімдерді әзірлеу мен қолданбалы зерттеулерді жалғастырудың қажеттілігін көрсетеді.

*3. Альфа ұрпағының цифрлық әлеуметтендіруге бағытталған инновациялық білім беру стратегияларын анықтау.*

Шолуға енгізілген жарияланымдар оқу үдерісін цифрлық тәжірибелер мен Альфа ұрпағының коммуникативтік ерекшеліктеріне бейімдеуге бағытталған инновациялық білім беру стратегияларының кең ауқымын көрсетеді. Мұндай тәсілдердің ішінде STEAM-оқыту, геймификация, визуалды бағытталған технологиялар, сондай-ақ интерактивті цифрлық платформаларды (мысалы, Canva, Google Form) және кооперативтік жұмыс түрлерін пайдалану жиі атап өтілетіндері. Сонымен, Diah Ambarwulan зерттеуі оқушылардың мотивациясы мен экологиялық санасын дамыту үшін визуалды және цифрлық құралдарды оқу үдерісіне біріктіру әлеуетін қарастырады. Зерттеуде Альфа ұрпағы тікелей аталмағанымен, ұсынылған әдістемелер олардың білім алу ерекшеліктеріне фрагменттік ойлауға, ақпаратты визуалды қабылдауға және белсенділікке деген қажеттілікке сай келеді [12]

Бірқатар жарияланымдарда цифрлық құзыреттерді инновациялық стратегиялардың орталық элементі ретінде түсіндіруге ерекше назар аударылады. Кейбір авторлар оларды цифрлық құралдарды пайдалану дағдылары ретінде түсінсе (Aparicio-González D. және т.б. [13], Bernate J. және т.б. [14]), ал басқалары цифрлық ортадағы білімнің, құндылықтардың және мінез-құлықтың тұтас жүйесі ретінде қарастырады (Štemberger T., Šotar-Konrad S. және т.б. [15]). Екінші тәсіл ең болашағы бар бағыт ретінде қарастырылады, өйткені ол оқушылардың цифрлық кеңістіктегі жауапты, саналы және этикалық тұрғыдан орнықты мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша, Альфа ұрпағының цифрлық әлеуметтендіруге бағытталған инновациялық стратегиялар ғылыми әдебиеттерде көрініс табады. Алайда, олардың көпшілігі тұжырымдамалық сипаттама сатысында қалады және нақты білім беру үдерісінде олардың тиімділігін эмпирикалық растауды қажет етеді.

*4. Осы саладағы зерттеулердің олқылықтары мен болашақ бағыттарын анықтау.*

Таңдалған жарияланымдарды талдау Альфа ұрпағының балаларын оқытуға мұғалімдерді даярлаудың толыққанды ғылыми тұрғыдан түсінуіне кедергі келтіретін бірқатар жүйелі шектеулерді анықтады. Біріншіден, зерттеулердің көпшілігі сипаттамалық немесе шолу сипатына ие және ұсынылған тәсілдерді эмпирикалық тексеруден өткізбейді. Екіншіден, зерттеу үлгілерінің шектеулілігі, репрезентативтіліктің жоқтығы және нақты білім беру контекстеріне байланысының болмауы байқалады. Сондай-ақ, бірқатар еңбектерде қолданылған әдіснама нақтыланбаған, бұл нәтижелердің жаңғыртылуын қиындатады.

Цифрлық әлеуметтену жағдайында педагогикалық даярлыққа қолдануға болатын цифрлық құзыреттерді анықтайтын бірыңғай тұғырнама болмауы әлі де маңызды әдіснамалық мәселе болып отыр.

Болашақ зерттеулердің келешегі бар бағыттары ретінде: Альфа ұрпағымен жұмыс істеу үшін мұғалімдерді даярлаудың валидацияланған модельдерін әзірлеу, цифрлық стратегиялардың тиімділігін ұзақ мерзімді зерттеу, сондай-ақ педагогика ғылымын, цифрлық этиканы және балаларды дамыту психологиясын біріктіретін пәнаралық тәсілдер белгіленеді.

### **Қорытынды**

Жүргізілген жүйелі шолу Альфа ұрпағының білім алу қажеттіліктері мен мінез-құлық ерекшеліктерін түсінуге бағытталған ғылыми қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетті. Талданған зерттеулер бұл ұрпақтың балалары терең цифрландыру жағдайында өсіп келе жатқанын, бұл олардың когнитивтік дамуына, оқыту стильдеріне және әлеуметтік-эмоциялық өзара әрекеттестіктеріне айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. «Альфа ұрпағы» термині кеңінен қолданылғанына қарамастан, алдыңғы буынмен салыстырғанда оның білім беру сипаттарын тікелей анықтауға арналған эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады.

Қарастырылған жарияланымдардың басым бөлігі оқытудың жаңа стратегияларына, цифрлық құралдарға және педагогтарды даярлауға бағытталып, технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялауға ерекше назар аударады. Алайда, Альфа ұрпағына арнайы бейімделген сенімді педагогикалық үлгілерді ұсынған зерттеулердің аздығы, әдіснамалық олқылықтардың бар екенін және пәнаралық, эмпириялық тұрғыдан негізделген зерттеулер жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, ерте және шамадан тыс цифрлық өзара әрекеттестіктің жағымсыз салдарына, соның ішінде зейіннің шоғырлануының төмендеуі мен психоэмоциялық тәуекелдердің артуына қатысты алаңдаушылық білдірілуде. Осыған байланысты ғалымдар теңдестірілген және этикалық тұрғыдан салыстыра тексерілген білім беру тәсілдерін дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Осылайша, қолда бар жарияланымдарда ұсынылған құнды пікірлерге қарамастан, білімді одан әрі жүйелеу, ұзақ мерзімді салдарын бағалау және ғылыми негізделген педагогикалық шешімдер әзірлеу қажет. Бұл шолу білім беру стратегияларын қайта қарастыруға және оқу ортасын Альфа ұрпағының сын – қатерлері мен әлеуетіне бейімдеуге бағытталған кейінгі зерттеулерге негіз бола алады.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Page M.J., J.E. McKenzie, P.M. Bossuyt, I.Boutron, T.C.Hoffmann, C.D. Mulrow. The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews. *BMJ* 2021. 372:n71. DOI:<http://dx.doi.org/10.1136/bmj.n71>

[2] Aghaei Chadegani A., H.Salehi, M.Yunus, H.Farhadi, M. Fooladi, M. Farhadi. A comparison between Two Main Academic literature collections: Web of Science and Scopus databases. //Asian Social Science. – 2013. - №9(5). - pp. 18-26.

[3] Patrawiwat K., P.Nilrungratana, A.Deewai, S.Tuntivivat. The Measurement Model of Family Strengths for Generation Alpha in the Thai Context. *Behavioral Sciences*. – 2024. – Vol. 14, №9. – P. 921. – <https://doi.org/10.3390/bs14100921>

[4] Carvalho R.N., C.E.F. Monteiro, M.N.P. Martins Challenges for university teacher education in Brazil posed by the Alpha Generation. *Research in Education and Learning Innovation Archives*. – 2022. – №28. – pp.61–76. – DOI: <https://doi.org/10.7203/realia.28.21408>

[5] Kaplia O., Ostapenko E., Tanko Ye., Kaleniuk S., Dulibskyy A. Digital transformation in education: navigating its impact amidst war. *Multidisciplinary Science Journal*. – 2024. – Vol. 7, №1. – pp. 96–108. – DOI: <https://doi.org/10.31893/multiscience.2024ss0723>

[6] Li M., S. Ma, Y. Shi. Examining the effectiveness of gamification as a tool promoting teaching and learning in educational settings: a meta-analysis. *Frontiers in Psychology*. – 2023. – Vol. 14. – Article 1253549. – pp.1–16. – DOI: [10.3389/fpsyg.2023.1253549](https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1253549).

[7] Kjellsdotter A., P. Erlandson. Generation Alpha in a Rural Swedish community: experiences across local and global spaces. *Education Inquiry*. – 2024. – Vol. 15, №1. – pp. 116–133. – DOI: <https://www.scopus.com/pages/publications/85210018043>

[8] Šramová B., Pavelka J. Generation Alpha Media Consumption During Covid-19 and Teachers' Standpoint. *Media and Communication*. – 2023. – Vol. 11, №4. – pp. 114–124. – DOI: <https://doi.org/10.17645/mac.v11i4.7158>

[9] Budău C. Identity and Representation in the Virtual Environment of Generation Alpha: Current Theory. *International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development*. – 2024. – Vol. 13, №3. – pp. 36–52. – DOI: [10.6007/IJARPED/v13-i3/21865](https://doi.org/10.6007/IJARPED/v13-i3/21865)

[10] Drugaş M. Screenagers or «Screamagers»? Current Perspectives on Generation Alpha. *Psychological Thought*. — 2022. — Vol. 15, №1. — pp. 1–11. — DOI: <https://doi.org/10.37708/psyc.v15i1.732>

[11] Ziatdinov R., J. Cilliers. Generation Alpha: Understanding the Next Cohort of University Students. *European Journal of Contemporary Education*. — 2021. — Vol. 10, №3. — pp. 783–789. — DOI: <https://doi.org/10.13187/ejced.2021.3.783>

[12] Ambarwulan D. Best-Practice Project: STEAM and Cooperative Learning to Improve Understanding of Global Warming. *Current STEAM and Education Research*. — 2025. — Vol. 3, №2. — pp. 63–72. — DOI: [10.58797/cser.030202](https://doi.org/10.58797/cser.030202).

[13] Aparicio-González D., F. Tucho, R. Marfil-Carmona. Las dimensiones de la competencia mediática en estudiantes universitarios españoles. *Ícono 14*, 2020, Vol.18 №2, pp. 217-244. DOI: <https://doi.org/10.7195/ri14.v18i2.1492>

[14] Bernate J., Fonseca I., Guataquira A., Perilla A. Competencias Digitales en estudiantes de Licenciatura en Educación Física (Digital Competences in Bachelor of Physical Education students). //Retos. - 2021. - №41. - pp. 309-318. DOI: <https://doi.org/10.47197/retos.v0i41.85852>

[15] Štemberger T., S. Čotar-Konrad. Attitudes Towards Using Digital Technologies in Education as an Important Factor in Developing Digital Competence: The Case of Slovenian Student Teachers. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*. - 2021, - №16(14). - pp. 83-98. DOI: <https://doi.org/10.3991/ijet.v16i14.22649>

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ О ПОКОЛЕНИИ АЛЬФА: СИСТЕМАТИЧЕСКИЙ ОБЗОР

\*Мухаметжанова Ж.О.<sup>1</sup>, Абильдина С.К.<sup>2</sup>,  
Мухаметжанова А.О.<sup>3</sup>, Сарканбаева Г.К.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup> Карагандинский национальный исследовательский университет  
имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан  
<sup>4</sup>Казахский университет международных отношений и  
мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Поколение Альфа, выросшее в условиях тотальной цифровизации, вызывает особый интерес у исследователей, стремящихся осмыслить педагогические подходы, соответствующие новым когнитивным, социальным и поведенческим особенностям этого поколения. Данная статья представляет собой систематический литературный обзор, направленный на выявление научных исследований, связанных с обучением и профессиональной подготовкой, ориентированной на поколение Альфа. Целью данного обзора является систематическое представление о

состоянии и направлениях педагогических исследований, посвящённых обучению и подготовке поколения Альфа в системе школьного и высшего образования. Исследование проводилось в соответствии с методологией PRISMA, что обеспечило системность и прозрачность анализа. По итогам поискового запроса было выявлено 591 исследование, опубликованное в наукометрических базах Scopus и Web of Science за 2018–2025 годы. После применения критериев включения, исключения и оценки качества были отобраны 28 публикаций, которые подверглись содержательному анализу. В результате систематического обзора были выделены преобладающие содержательные направления исследований, посвящённых обучению поколения Альфа. Анализ свидетельствует, что педагогические исследования, посвящённые обучению поколения Альфа, находятся на этапе активного формирования. При всем разнообразии образовательных стратегий, представленных в отобранных работах, тематика остаётся недостаточно разработанной в эмпирическом плане. Отмечается потребность в дальнейшем уточнении теоретических подходов и расширении междисциплинарного анализа для более глубокого понимания образовательных потребностей поколения Альфа. Проведённый обзор способствует осмыслению тенденций развития педагогической науки и определению перспективных направлений будущих исследований.

**Ключевые слова:** поколение Альфа, школьное образование, педагогическое образование, систематический обзор, PRISMA, образовательные стратегии, когнитивные особенности, цифровая социализация, инновационные педагогические подходы

## PEDAGOGICAL STUDIES ON GENERATION ALPHA: A SYSTEMATIC REVIEW

\*Mukhametzhanova Zh.O.<sup>1</sup>, Abildina S.K.<sup>2</sup>,

Mukhametzhanova A.O.<sup>3</sup>, Sarkanbayeva G.K.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>Karaganda National Research University named after  
academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

<sup>4</sup>Kazakh Ablai khan University of International Relations and  
World Languages, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** Generation Alpha, having grown up in the context of pervasive digitalization, has attracted considerable attention from researchers seeking to conceptualize pedagogical approaches aligned with the new cognitive, social, and behavioral characteristics of this generation. This article presents a systematic literature review aimed at identifying scholarly studies related to the education and professional training of Generation Alpha. The purpose of this review is to provide a systematic account of the current state and main directions

of pedagogical research devoted to the education and preparation of Generation Alpha within school and higher education systems. The study was conducted in accordance with the PRISMA methodology, which ensured the systematicity and transparency of the analysis. The search process identified 591 studies published in the scientometric databases Scopus and Web of Science between 2018 and 2025. After applying the inclusion, exclusion, and quality assessment criteria, 28 publications were selected for content analysis. The systematic review made it possible to identify the predominant thematic directions in research on the education of Generation Alpha. The analysis indicates that pedagogical research on the education of Generation Alpha is currently at an active stage of development. Despite the diversity of educational strategies presented in the selected studies, the topic remains insufficiently developed from an empirical perspective. The review highlights the need for further refinement of theoretical approaches and for expanding interdisciplinary analysis in order to achieve a deeper understanding of the educational needs of Generation Alpha. The conducted review contributes to a better understanding of trends in the development of pedagogical science and to identifying promising directions for future research.

**Keywords:** Generation Alpha, school education, teacher education, systematic review, PRISMA, educational strategies, cognitive characteristics, digital socialization, innovative pedagogical approaches

*Мақала түсті / Статъя поступила / Received: 24.03.2026.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Мухаметжанова Жансая Олжабаевна – докторант, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, zhosik13@mail.ru

Абильдина Салтанат Куатовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, salta-7069@mail.ru

Мухаметжанова Айгуль Олжабаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, aigul\_mo@mail.ru

Сарқанбаева Гульжазира Қинаятовна – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан gulzhaz.72@mail.ru

***Информация об авторах:***

Мухаметжанова Жансая Олжабаевна – докторант, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, zhosik13@mail.ru

Абильдина Салтанат Куатовна - доктор педагогических наук, профессор, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, salta-7069@mail.ru

Мухаметжанова Айгуль Олжабаевна - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, aigul\_mo@mail.ru

Сарқанбаева Гүлжазира Кинаятовна – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан gulzhaz.72@mail.ru

***Information about the authors:***

Mukhametzhanova Zhansaya Olzhabaevna - PhD doctoral student, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, zhosik13@mail.ru

Abildina Saltanat Kuvatovna - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, salta-7069@mail.ru

Mukhametzhanova Aigul Olzhabaevna - candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, aigul\_mo@mail.ru

Sarkanbayeva Gulzhazira Kinayatovna - Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan gulzhaz.72@mail.ru